

ҚазҰУ-да Үндістан Республикасының 70 жылдығы мен үнді халқының рухани көшбасшысы Махатма Гандидің туғанына 150 жыл толуына арналған іс-шаралар өтуде. Олар еліміздің жетекші жоғары оқу орны мен Қазақстандағы Үндістан Елшілігімен бірлесе отырып өткізілуде.

ҮНДІСТАН КҮНДЕРІ



көпшілікті оның өмір жолымен және шығармашылығымен таныстырды.

ҚазҰУ-да былтыр Махатма Гандидің үнді зерттеу орталығы ашылып, Қазақстан-Үнді ақпараттық технологиялар орталығы бірнеше жылдан бері табысты жұмыс істеуде. Университет студенттері мен оқытушылары академиялық

алмасу бағдарламалары бойынша Үндістанның ЖОО-да тағлымдамадан өтіп, бірлескен ғылыми жобаларын жүргізуде. ҚазҰУ-ға Үндістан профессорлары дәріс оқу үшін шақырылады және Қазақстандық университетте жоғары білім алғысы келетін Үнді студенттерінің қатары жыл сайын өсуде.

Өз тілшімізден

Алматы қаласының №1 клиникалық ауруханасы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Оңтүстік Корея мамандарының қатысуымен озық медицина орталығына айналады.

ҚАЗҰУ ОЗЫҚ МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРАДЫ

Еліміздің жетекші ЖОО ғылыми-зерттеу және білім беру медициналық-биологиялық кластерін құрудың екінші кезеңін жүзеге асыруға кірісті. Мемлекет басшысының қолдауымен ҚазҰУ жобасын жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласының №1 клиникалық ауруханасы сенімді басқаруға берілген.

ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов пен профессор Ли Бен Сок бастаған Енсе университетінің «Северанс» госпиталінің делегациясы қалалық ауруханаға іс-сапармен барды. Олар аурухананың инфрақұрылымы, операциялық блогы және емдеу бөлімшелерімен, оналту және скринингтік орталықтарымен, зертханалардың техникалық жабдықталуымен танысты. ҚазҰУ ректоры және Оңтүстік Кореялық мамандардың медициналық мекеме ұжымымен кездесуінің басты тақырыбы халықты халықаралық деңгейдегі сапалы медициналық қызметтермен қамтамасыз ету болды.

Атап өтерлік жайт, Оңтүстік Кореялық әріптестердің қатысуымен университетте заманауи диагностикалық орталық және қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі (медицина факультеті) ашылып, табысты жұмыс істеуде және онда бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша медициналық кадрлар даярланады.

Жалғасы 2-бетте



ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



2-бет

ПОДАРОК АМЕРИКАНСКОГО ПРОФЕССОРА



3 стр.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЯТЫН ЖАҢА ЖОБА



6-бет

Жалғасы. Басы 1-бетте

ҚАЗҰУ ОЗЫҚ МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРАДЫ



медициналық мекеменің негізгі міндеті – бұл қызметтің қарапайым түрінен күрделіге дейін кешенді қызмет көрсету. Біз ҚазҰУ-мен ынтымақтастықты одан әрі дамытып, медициналық саладағы жобаларды іс жүзінде асыруға көмектесуге ниеттіміз», - деп атап өтті Ли Бен Сок.

Екі жақты кездесу конструктивті түрде өтті. Тараптар өзара тиімді ынтымақтастық пен клиникалық аурухананы одан әрі дамыту бойынша кең ауқымды мәселелерді қарастырды.

Баспасөз қызметі

■ QYSQA-NUSQA

QazUÝ professorlary QR Mádemet jáne Sport ministrigi uyymdastyrgan «Arhiv-2025» atty jeti jyldyq baǵdarlamanyń talqylaýyna qatysty.

Jynnyń basty taqyryby antikalyq kezeńnen qazirgi zamanga deyin otandyq jáne sheteldik arhiv qorlaryna qatysty irgeli zertteýler júrgizýge negizdelgen «Arhiv-2025» atty jeti jyldyq baǵdarlama boldy. «Arhiv-2025» baǵdarlamasy aiasynda arhiv qujattaryn aiqyndaý, jinaqtaý, júieleý, basyp shyǵarý, sandyq formatqa aýystyry, zertteý jumystary negizinde kitap, anyqtama, jinaq, katalogtar shyǵarý qarastyrylǵan.

Halyqaralyq qatynastar fakýltetiniń diplomatalyq aýdarma kafedrasynyń meńgerýshisi, professor Almash Seidikenova Shveysarnadaǵy Jeneva ýniversitetinde dáris oqyp qaitty.

Eýropadaǵy eń tanyymal JOO sanatyna kiretin Jeneva ýniversitetiniń negizi 1559 qalangan. Gylym men tarihq ba ýniversitet búginde álemdik «QS» reitingisinde 108-shi orynǵa ie. Atalǵan ýniversitette Almash Seidikenova «Bolon prosesin qabyldaǵannan keingi Qazaqstannyń bilim berý júesi» konferensiasyn uyymdastyryp, stýdentter aldynda dáris oqydy. Shara aiasynda ol qatysyshylardy QazUÝ qyzmetiniń negizgi baǵyttary jáne jetistikterimen tanystyryp, áriptesterin birlesken zertteýler júrgizýge, stýdentterdi Qazaqstandaǵy jetekshi ýniversitetterde akademialyq utqyrylyq baǵdarlamasy boiynsha bilim alyp, tájiribeden ótyge shaqyrdy. Sapar barysynda Jeneva ýniversitetiniń professory A.Aqkarimen birge «Intercultural Approaches in Teacher Education: a Comparative and Exploratory Study Switzerland-Kazakhstan» atty joba boiynsha jumys júrgizilip, qoldanbaly lingvistika, aýyzsha jáne jazbasha aýdarma salasyndaǵy ǵalymdarmen ǵylymy bailanystar ornatyldy.

QazUÝ-da «Qazaqstanda klímattyń ózgerýi: osaldyǵy jáne turaqlylyǵy» taqyrybynda dóńgelek ústel ótti.

Dóńgelek ústel jumysyna QR Fransuanyń Tótshe jáne Ókiletti Elshisi Filipp Martine jáne klímattyń ózgerýi salasynda júrgen mamandarmen qatar, meteorologiya jáne gidrologiya kafedrasynyń ǵalymdary qatysty.

Dóńgelek ústel barysynda mamandar Qazaqstanda klímattyń ózgerýiniń zamanaýi tendensialary, qaýipti faktorlary men olarǵa turaqlylyqta joǵarylatý sharalaryn talqylady. Dóńgelek ústeldiń qorytyndysy boiynsha ǵylym-zertteý jumystarynyń sapasyn joǵarylatý úshin halyqaralyq yntymaqtastyqta damyty, idealarmen almasý, birlesken ǵylym jobalarga qatysý jáne QazUÝ bazasynda «Qazaqstan-Fransiya» ǵylym-tehnikalыq ortalyǵyn qurý usynyldy.

Еңлік АҚЖИТТ

Білім мен Ғылым заманы

Жастар ел болашағы. Жастар ел ертеңі. Биылғы жастар жылы да көп игі бастамаларға жол ашады деп сенеміз. Жастардың ғылымға деген бетбұрысы бүгінде өте жоғары деңгейде артып келеді. Оған дәлел ҚазҰУ жастары. ҚазҰУ-дың студенттері білім мен ғылымда көшбастап тұр. «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» дегендей, жас бұлақтың көзін ашып, тың бастамаларға тыңғылықты көңіл бөлген аға буын, жастарға үлгі болып, университет қабырғасында білім нәрімен сусындатып өсіп жатқан болашақ ғалымдарды қолдап келеді.

Осы орайда ҚазҰУ-дың ректорат мәжілісінде қалыптасқан дәстүр бойынша белсенді білім алушыларға шәкіртақы табыстау рәсімі өтті. ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, физика-техникалық факультеттің теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры Төлеген Әбдисәғіұлы Қожамқұлов кафедраның үздік әрі белсенді студенттеріне арнаулы шәкіртақы табыстады. Кафедраның 31 магистранты мен докторантына берілген шәкіртақы болашаққа берілген мүмкіндік.

Болашақ жас мамандарға университет ректоры Ғ. Мұтанов өз құттықтауында «Физиканы таңдаған екенсіздер, ол ең мықты пән деп білемін, менің де мектеп кезінде сүйікті пәнімнің бірі болатын. Сіздер жаңа білімге ұмтылыңыздар. Оқумен қатар ғылымды барынша кеңірек меңгеріп, даму керек. Факультеттердегі стартап компаниялар арқылы өз идеяларыңызды іске асыруға асығыңыздар. Біздердің тараптан әрқашан қолдау болады. Болашақ осы жастармен дамиды», - деп ыстық ықыласын білдірді. Марапат соңында барлығы естелік фотоға түсті.

Еңлік ӨМІРЗАҚҚЫЗЫ

ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Кезекті ректорат сағатында «Ғылыми-инновациялық қызметтің білім алушылардың оқу үдерісіне интеграциясы туралы» ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабыл Рамазановтың хабарламасы тыңдалды.



Ғылыми-инновациялық қызметтің сапасын арттыру ҚазҰУ-дың білім алушылары мен жас ғалымдарының бәсекеге қабілетті кадрлық әлеуетінің болуына байланысты. Қойылған максатқа жету үшін келесі міндеттер шешілуі керек. Олар: білім алушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру және жоспарлау процесін қадағалау, білім алушыларда терең және шығармашылыққа ынталандыруды қалыптастыру, ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу арқылы оқу материалын меңгеру, білім алушыларды іргелі, қолданбалы ғылыми жұмыстарға қатысуға тарту, конструкторлық жұмыстар, оқушылардың оқудан тыс форматта орындалатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық өзіндік нәтижелерін қатысуын кеңейту, ғылым мен техниканың ең өзекті жетістіктерін оқу процесіне біріктіру, кафедраның дарынды жастарын неғұрлым тиімді кәсіби іріктеуді қамтамасыз ету, магистратурада және докторантурада одан әрі оқыту, университеттің кадрлық және еліміздің ғылыми резервін қалыптастыру керектігі басым айтылды. Ғылымға тек магистратура немесе докторантурада ғана емес, жас ғалым I курста ынталы болса, айқын жоспары болса, бірінші курстан бастап ғылымға тарту, жол сілтеп, алға ұмтылысқа бағыт-бағдар көрсету керектігі де қамтылды. Жастардың инновациялық идеяларын үнемі дамытып отыру басты міндет екені де ескерілді.

Докторанттарды дайындау тиімділігін арттыру жайында ғылыми кадрларды дайындау және аттестаттау басқармасының басшысы Рената Құдайбергенованың баяндамасында

2016-2018 жылдардағы докторлық диссертациялардың қорғау талаптары мен міндеттері айтылып, 2019 жылы қорғалатын докторлық диссертацияларға кеңірек тоқталды. Халықаралық байланыстарды арттыра келе, университет деңгейін әрі қарай жоғарылату, докторанттар белсенділігі мен жауапкершілігін арттыру мәселесіне де баса назар аударды. Докторанттарды дайындау тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасалды. Докторанттарға Elsevier, Clarivate Analytics және т. б. семинарлар мен вебинарларға белсенді қатысу, халықаралық рецензияланатын журналдарда мақалаларды жариялау бойынша докторанттардың ғылыми жетекшілері жұмысының тиімділігін бағалау ұсынылды. Докторанттарды ғылыми жобаларға қатысуға белсенді тарту, қаржылық көмек көрсету және ұзақ мерзімді ғылыми тағылымдамадан өту үшін және жоба аясында докторанттарға қолдау көрсету керектігі де назарға алынды.

Сонымен қатар, QS рейтингісі бойынша сарапшыларды тіркеу нәтижелері туралы стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Минажева 2018 жылдың қыркүйек айынан 2019 жылдың қаңтары аралығындағы QSWUR-да жылжыту бойынша кафедралардың жол карталарын орындау мониторингін ұсынды. Мониторингі ақпарында әр факультетке жеке тоқталып, атқарылған жұмыстар нәтижелерімен таныстырды. Кейбір факультеттердегі пайыздық көрсеткіштерді жоғарылату керектігі айтылды.

Еңлік АҚЖИТТ

На кафедре Дальнего Востока студенты и преподаватели отделения корееведения обсудили статью Главы государства «Семь граней Великой Степи».

СЕМЬ ГРАНЕЙ



«Считаю, что мы должны приложить все усилия, чтобы наши исторические, культурные ценности были более глубоко изучены. Мы гордимся, ценим и помним историю своего народа. Мы, студенческая молодежь, приложим все усилия чтобы внести свою лепту в реализацию

программной статьи Президента страны», - заключила молодой куратор-эдвайзер Багжан Сермухаметова.

Кафедра Дальнего Востока

Күнделік

ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

Жалғасы. Басы алдыңғы нөмірде

2017 жыл

ҚАҢТАР

Әл-Фараби алаңында 28 -ші Дүниежүзілік қысқы Универсиада алауын жағу рәсімі өтті. Алматы қаласы бойынша универсиаданың алауын алып жүру құрметіне ҚазҰУ өкілдері бірінші болып ие болды. Олардың ішінде ректор академик Ғалым Мұтанов, жүзуден Қазақстан мен университет мақтанышы Дмитрий Баландин, казак күресінен әлем чемпионы Гусман Қырғызбаев және волейболшы Сабина Алтынбекова. Универсиада алауын ҚазҰУ түлегі Айсулу Ернязова жақты.

Университетте әлемге әйгілі «Касперский зертханасы» компаниясының ақпараттық қауіпсіздік Орталығы ашылды.

АҚПАН

Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінденутрициология (тамақтану туралы ғылым) кафедрасы ашылды.

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, ҚазҰУ түлегі Жақып Асанов университет оқытушылары мен студенттерімен кездесті.

Түркия мен Еуропаның көне ЖОО-ның делегациясы ынтымақтастықты дамыту мақсатында ҚазҰУ-да болып қайтты.

Қашықтықтан зондтау және сандық Қытай Жер Ғылым академиясы және ғылымды қажетсінетін технологияларды дамыту саласындағы "Kashi" институтының ғылыми-зерттеу орталығымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

НАУРЫЗ

«Microsoft» компаниясының шақыртуы бойынша ҚазҰУ ТМД елдері арасындағы жалғыз жоғары оқу орны ретінде «Campus Connection-2017» жаһандық жоғары оқу орындар саммитіне қатысып «Электронды Кампус» жобасын ұсынды.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша университеттің ер-жігіттері 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай, нәзік жанды жаратылыс иелеріне мерекелік концерт сыйлады.

Сонымен қатар осы айда Катар мемлекетінің Орталық банкінің төрағасы шейх Абдолла бен Сауда Әл-Тани ҚазҰУ-да дәріс оқыды.

СӘУІР

Сәуір айында бастау алған IV Халықаралық Фараби окуларына АҚШ, Түркия, Франция, Ұлыбритания, Иран, ТМД елдерінің ғалымдары, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Бірінші студенттік сыбайластыққа қарсы форум аясында ҚазҰУ студенті «ЖОО-лар үшін сыбайлас жемқорлықтан тыс жастар» қозғалысына кірісіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы эстафетаны Алматы қаласының 38 жоғары оқу орнына тапсырды.

«Huawei» Ақпараттық технологиялар және телекоммуникация орталығы ашылды, стратегиялық серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге ректор Ғалым Мұтанов пен «Huawei Technologies Kazakhstan» компаниясының бас директоры Хоу Тао қол қойды.

Халықаралық ауқымда Наурыз мейрамы аталып өтті, оған шет елдердің дипломаттары мен халықаралық ұйым өкілдері қатысты.

МАМЫР

Отан Қорғаушылар және Жеңіс Күні қарсаңында университетте Ұлы Отан соғысының ардагерлері, еңбек майданының ардагерлерін және интернационалист жауынгерлерге құрмет көрсетілді.

БҰҰ Өркениеттер Альянсының жоғарғы өкілі Насир Абдулазиз әл-Насер мен ректор Ғалым Мұтанов ынтымақтастық және «қайырымды қоғам азаматтарын қалыптастыру» жобасын бірлесіп жүзеге асыру туралы Меморандумға қол қойды.

МАУСЫМ

«World University Rankings QS» агенттігінің зерттеу қорытындысы бойынша ҚазҰУ әлемдік рейтингіндегі 250 үздік университеттерінде өз позициясын сақтап, 236 орынды иеленді.

«ЭКСПО 2017» әлемдік ауқымдағы оқиға қарсаңында ҚазҰУ-да «жасыл энергетика» бойынша инновациялық жобаларды енгізудің нақты алаңына айналған «Жасыл технологиялар» орталығы ашылды.

«G-Global үшін жастар» атты бірінші республикалық байқауда ҚазҰУ студенттік штабы бірінші орынға ие болып, Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында үздік деп танылды.

ШІЛДЕ

Университетте ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Алик Шпекбаев болып, жоғары оқу орнының дамуына және «Жемқорлықтан тыс университет» жобасының іске асырылуына жоғары баға берді.

Жалғасы келесі бетте

ЗАСЕДАНИЕ ЖУРНАЛЬНОГО КЛУБА

На факультете медицины и здравоохранения состоялось заседание научного кружка «Журнальный клуб».

Участники седьмого по счету заседания обсудили научную публикацию, в которой были отражены результаты проведенного исследования по оценке качества жизни детей и их семей после установки кохлеарных имплантатов. Определив сильные и слабые стороны представленной научной статьи, сотрудники факультета медицины и здравоохранения дали ценные рекомендации обучающимся по поиску научных публикаций в базах данных и написанию собственных, организации проведения исследований и др.

Было отмечено, что изучение научной литературы молодыми учеными способствует не только получению новых знаний, но и выявлению неизученных направлений в науке, которые они смогут исследовать.

Факультет медицины и здравоохранения

ПОДАРОК АМЕРИКАНСКОГО ПРОФЕССОРА

Профессор Университета Вашингтона (США) Марина Толмачёва передала ценные книги из личного фонда в библиотеку КазНУ.



Американский ученый прибыла в наш университет по программе «Фулбрайт» на кафедру «Всемирная история, историография и источниковедение». В течение четырех месяцев она читала курс лекций «Евразия в контексте мировой истории» для историков-магистрантов первого курса.

В числе переданных редких изданий – монографии по всемирной истории, истории и культуре Евразии и Ближнего Востока, научные сборники с публикациями профессора. Например, издание хроники доколониального периода восточноафриканского города Пате (в нынешней Кении), которую она перевела на английский с языка суахили. Интерес представляет статья Марины Александровны о величайшем путешественнике средневековья Ибн Баттуты (XIV век), вошедшие в коллективные монографии по истории средневекового Востока.

В коллекции также есть и новейшие издания, включающие переводы на русский язык средневековых арабских новелл и поэзии. Важным в числе книг, подаренных профессором, явились научные издания о

выдающихся российских востоковедах. Её персональным выбором была книга Якова Кумока о её прадеде, Александре Петровиче Карпинском, первом выборном Президенте Российской Академии Наук (позже АН СССР), известном как «Отец русской геологии». Полезными для студентов гуманитарных специальностей станут и книги по истории и культуре Африки, Саудовской Аравии, Кувейту, где профессор Толмачева работала более четырех лет.

Кроме того, она передала в библиотеку коллекцию из 200 американских фильмов «Голливудской классики». На церемонии вручения Марина Александровна отметила, что фильмы помогут преподавателям и студентам КазНУ в совершенствовании английского языка, изучении истории киноиндустрии и познакомят с экранизациями работ зарубежных классиков литературы.

Г. СУЛТАНГАЛИЕВА,
заведующая кафедрой
Всемирной истории,
историографии и источниковедения

Биыл университетіміз 85 жасқа толып отыр. Оның құрылған кезінде «Химия», қазіргі «Химия және химиялық технология» факультетінің де іргетасы бірге қаланды. Мен, осындай тамаша университетте білім алып қана қоймай, осы университетте еңбек жолымды үздіксіз 35 жыл бойы жалғастырып келемін.



Біздер 1984 жылы бітіруші түлектер, 1979 жылы ҚазҰУ-ға түсіп, университетімізге 50 жыл толғанда бесінші курсты аяқтадық. 120 студент университетіміздің тамаша академик, профессор, доценттерінен біліп алдық. Сол университетте алған білімдеріміздің нәтижесінде қазір біздің курстастар Қазақстанның барлық аймағында білікті маман болып жұмыс істеп жатыр. Атап айтсақ арамызда университет ректоры, профессорлар, доценттер, үлкен өндіріс саласының бас директоры, менгерушілері, дәрігер, ұстаздар бар. Біз қайда жүрсек те өз университетімізді мақтан тұтамыз және оның табысына қуанып жүреміз.

Әр жылдың соңғы сенбісін «Химиктер күні» деп атап әрбір курс араға 5 жыл сала отырып түлектердің кездесуін өткізеді. Факультетте арнайы іс шара ұйымдастырып, жыл сайын түлектерді ыстық ықыласпен күтіп алады. Сол дәртүр қазіргі таңда университет көлемінде ұйымдастырылып, мамыр айының 25-і түлектер күні болып тойланады. Университет бойынша түлектер ыстық ықыласпен, сағынышпен мерейтойларын атап өтуге мындап ағылады.

Университетіміздің 85 жылдығы мен

түлектер қауымдастығының 25 жылдығына тұспа тұс келіп тұрған біздің 35 жылдық мерейтойға еліміздің түкпір түкпірінен барлық курстастарымыз келеді деп жоспарлап және шақырып отырмыз. Өзіміздің курстастарымыз, ҚазҰУ-дың ұжымын қосарлана атап өткелі отырған мерейтойларымен шын жүректен құттықтаймын. Университетіміз және оның түлектері әрқашан биіктен көрінсе деймін. Әр кездесуде қатарымыз азаймасын.

Құрметті 1984 жылы «Химия» факультетін бітірген түлектер, 2019 жылдың 25 мамырында сіздерді үздік білім ордасы, қасиетті қара шыңырағымыз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сондай-ақ химия және химиялық технология факультеті асыға күтуде. Кездесуге кешігіп қалмайық!

О. ЕСИМОВА,
химия және химиялық технология факультеті, аналитикалық, коллоидтық химия және СЭТ кафедрасының аға оқытушысы, х.ғ.к.

ҚОС МЕРЕКЕ

КҮНДЕЛІК

ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

Жалғасы. Басы 3-бетте

2017 ЖЫЛ

Университет базасында халықаралық жазғы жастар форумы және жаңа Жібек жолы университеттері Альянсының атқарушы комитетінің Үйлестіру кеңесі өтті. Аталмыш жиынға Ұлыбритания, Ресей, Египет, Гонконг, Қытай және Түркия жоғары оқу орындарының студенттері мен өкілдері қатысты.

ТАМЫЗ

Тамыз айында запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқып жатқан әскери кафедра студенттері әскери ант қабылдады. Алғаш рет әскери кафедра байланыс саласы бойынша 44 қызды даярлап шығарды.

ҚазҰУ студенттері Тайвань қаласында өткен жиырма тоғызыншы жазғы Универсиадада Қазақстан құрамасының қоржынына төрт медаль әкелді. Ауыр атлет, екінші курс студенті Денис Ұланов 85 кг дейінгі салмақ дәрежесінде алтын медаль жеңіп алды. Дмитрий Баландин жүзуде күміс және қола медальдарын иеленді, сондай-ақ сырықпен секіру ойындарының күміс жүлдегері Сергей Григорьев атанды.

ҚЫРКҮЙЕК

ҚазҰУ оқу гранттарының саны бойынша еліміздің жоғары оқу орындары арасында абсолютті көшбасшы болды — бұл бакалавриатта, магистратурада және докторантурада алты мыңнан астам орынды құрайды.

«ИСЕКСО» білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Ислам Ұйымының Бас директоры Әл Туәйджи Ғалым Мұтановқа математикалық үлгілеу және техникалық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқару саласындағы елеулі үлесі үшін алтын медаль мен Халықаралық сыйлық табыс етті.

Аталмыш айда Жоғарғы Сот Төрағасы, ҚазҰУ түлектері қауымдастығының президенті Қайрат Мәми «Қылмыстық сот ісін жүргізудің тиімділігі — заманауи құқық қорғау жүйесін дамытудың басым бағыты» атты дөңгелек үстел өткізді.

ҚазҰУ мен Шанхай шет тілдер университетінің басшылығы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды, қытайлық жоо-да қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы ашылды.

ҚАЗАН

«Springer Nature Awards» ҚазҰУ-ға Орталық Азия елдерінің арасындағы «Ең көп жарияланым шығаратын ұйым» атағын берді.

ҚазҰУ кезекті рет өзінің жоғары бәсекеге қабілеттілігін растап Еуропа мен Орталық Азияның ең үздік 10 жоғары оқу орны QS рейтингіне енді, сондай-ақ түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша Орталық Азиядағы бірінші жоғары оқу орны атауына ие болды.

Біздің университетке Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Филипп Мартинэ келді.

Ұлыбританияның танымал «Glagoslav Publication» баспасы Ғалым Мұтановтың көптеген елдердің әдеби қайраткерлерінен ерекше қолдау тапқан «Shining light» («жарқын жарық») өлеңдер жинағын жарыққа шығарды.

ҚАРАША

Университет делегациясы Ресей Федерациясының Челябинск облысының Троицк қаласына барды. Дәл осы жерде 1911-1915 жылдар аралығында бірінші қазақ журналы «Айқап» жарық көрді. Бүгін де «Айқап» журналы жаңа тыныс алып ҚазҰУ-да басылып шығарылуда.

Ресей мен Қазақстан басшыларының қатысуымен өткен Челябинсктегі XIV Аймақаралық ынтымақтастық форумында ҚазҰУ мен Ресейдің Тұңғыш Президенті атындағы Орал федералдық университеті ректорлары «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» Халықаралық ғылыми-білім беру консорциумын құру туралы Декларацияға қол қойды.

Қараша айында ҚазҰУ-ға Малайзия қанцлері Перлис, Малайзияның мұрагер ханзадасы Туанку Саид Файзуллин келді. Кездесу барысында Ислам банкінг және қаржы саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

ЖЕЛТОҚСАН

«Round University Rankings» беделді рейтинг агенттігінің деректері бойынша Қазақстан алғаш рет пәндік рейтингте ұсынылған және оған кірген жалғыз жоғары оқу орны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

«Green Metric World University Ranking» жаһандық рейтингісінде 13 позицияға алға жылжып, 186-орынға тіркеліп, әлемнің «жасыл» университеттерінің топ-200 қатарына енген қазақстандық жалғыз жоғары оқу орны болып табылады.

ҚазҰУ студенттік спорт көшбасшысы мәртебесін растап, бесінші маусым қатарынан Қазақстанның жоғары оқу орындары арасындағы Жазғы Универсиаданың чемпионы атанды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ҚазҰУ-дың бірқатар ғалымдары жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды.

Жалғасы келесі нөмірде

Үздіктер үкілеген БІЛІМ ОРДАСЫ

Білім қуған әрбір түлектің арманына, мақсатына айналған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алу мүмкіндігі бұйырғанына ерекше қуаныштымын.

Білімнің қара шаңырағына айналған, үздіктер үкілеген білім ордасында оқу мен үшін мақтаныш. Осындай өзім армандаған білім ошағының түлегі атануға, бойымды білім нәрімен сусындатқан Мырзатай орта мектебінің ұстаздар ұжымына өз алғысымды білдіремін.

Расымен де, әр түлектің жүрегіне ойып тұрарлықтай орын алған, арман боларлықтай, атына заты сай ҚазҰУ қалашығы менің де жүрегімді жаулап алды. Алғаш ҚазҰУ қалашығының табалдырығын аттаған сәттен-ақ, мен өзімнің жаңа өмірге аяқ басқанымды, тағылымы терең, берері мол ортаға араласа бастағанымды сол кезден-ақ сезіндім.

Қара шаңыраққа білім алуға келген әрбір студентке керек жағдайдың барлығы дерлік

жасалған. Мысалы, Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, музей, тамақтандыру комбинаты, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, компьютерлік-техникалық жабдықтар, WI-FI сымсыз интернет желісі, ауқымы кең спорттық кешен сияқты және т.б. орталықтар ҚазҰУ қалашығында орналасқан.

Сонымен қатар, ҚазҰУ-да қойнауы 2 миллионнан астам кітап қорымен ерекшеленетін-Әл-Фараби кітапханасы орналасқан. Зәулім сарайдай кітапханадан білімге құштар студент өзіне қажет кітапты еш қиындықсыз таба алады. Орта Азиядағы білім ошақтарының арасындағы ең үлкен кітап қорына ие болған кітапханада Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын, еңбегін насихаттайтын мұражайы және ғылыми-ағартушылық мұрасын зерттеумен айналысатын әл-Фараби орталығы орналасқан. Оны танымал философ, профессор Ж. А. Алтаев басқаруда.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алып жатқан әрбір студент әл-Фараби шығармашылығымен таныс болуға тиісті деп санаймын.

Сондай-ақ, ҚазҰУ студенттерінің көшбасшылық қабілеттерін, ашылмаған қырлары мен сырларын жарыққа шығаруға, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті жұмыс жасайды. Оның құрамында "Сұңқар" студенттер кәсіподағы, студенттер Сенаты, "Көмек" еріктілер ұйымы, Студенттік Кеңесі ұйымдары кіреді. ҚазҰУ қалашығында өткізіп жатқан студенттік өміріміздің әрбір күні естелікке толы десем артық айтқаным емес. Әрбір студент өзі қалаған ұйымға кіріп, шалқыған шығармашылық шабыты мен жалындап тұрған жастық шағын пайдалы іске жұмсап, өз уақытын тиімді пайдаланып, өз ортасын табады. ҚазҰУ жайлы айта берсек, айтылар әңгіме де, іштегі сезім, алған әсерлерді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Ғалым Мұтановтай ректордың басшылығының арқасында университет күннен-күнге дамып, гүлденіп келеді. Тіпті, халыққа танымал азаматтарды біздің түлегіміз дегенді естігенде, бойымды лезде қуаныш кернейді. Мен өз ҚазҰУыммен мақтанамын. Мен өзімнен кейінгі ізденімпаз жас буынға арнағымды мақсатқа айналдырған ғажайып мекен, үздіктер үкілеген білім ордасына оқуға шақырамын.

ҚазҰУ — адамды тұлға ретінде қалыптастыруға, өз мүмкіндіктерінді тиімді пайдалануға, жан-жақтан жиылған дарынды жастардың басын біріктіретін ғажайып мекен. Сондықтан да мен үздіктер үкілеген білім ордасында оқып жүргенімді өмірімдегі ең үлкен бақыт деп санаймын!

Асел ПСИБАЕВА,
қазақ филологиясы мамандығының 1-курс студенті;
Талғат РАМАЗАНОВ,
ғылыми жетекшісі



Шығыстану факультетінде «Шынайы Шығыс. ГДР-дегі өмір» атты фотокөрме 8 наурызға дейін жалғасады

Университет қабырғасында студенттің тұлға ретінде қалыптасуына бірден-бір септігін тигізетін тұлға – куратор-эдвайзер. Ол студенттердің жоғары оқу орнындағы оқыту әдістерін меңгеруіне көмектесуі, рухани – адамгершілік қасиеттерін, Отанына деген сүйіспеншілігін, өзі таңдаған мамандығына құрметпен қарауын тәрбиелеуі қажет. Куратор-эдвайзер - топтағы студенттердің қызметін ұйымдастырушы және тәрбие жұмысының үйлестірушісі болып табылады. Сондықтан, оқытушылармен де, студенттермен де тікелей тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді.

Қазіргі таңда куратор-эдвайзер мен студенттің арасындағы өзара қарым-қатынас жасау мәселесі – психология ғылымындағы және тәлім-тәрбие ісіндегі аса маңызды әрі күрделі мәселелердің қатарына жатады. Куратор-эдвайзер – факультет деканы, кафедра меңгерушілерінің ұсынысымен және университет ректорының бұйрығымен тағайындалады.

Тәрбие қызметінің табыстылығы көптеген жағдайда студенттік топ куратор-эдвайзерлерінің кәсіби педагогикалық шеберлігіне байланысты болады. Университеттің куратор-эдвайзері студенттің ұстазы, жасы үлкен жолдасы рөлін атқарады. Куратор-эдвайзер топтың ұйымдастырушысы, әдістемелік басшысы, тәрбиешісі, педагог-психологы.

Жаңа өмірдің бастамасында, жоғары оқу орнына бейімделу барысында студенттер көптеген қиындықтарға тап болады. Бұл жолда студенттерге серік болатын, әрі осы салада тәжірибесі мол маман иесінің қажеттілігі елеулі орын алады. Сондықтан куратор-эдвайзер өз міндеттері мен мақсаттарын жүзеге асыру барысында студентті тұлға ретінде қабылдайды. Сондай-ақ студенттерге білім алу барысында кездесетін қиыншылықтармен күресу жолдарын көрсетеді.

Кейде оқу барысында I курс студенттеріне жаратылыстану ғылымдары бойынша мысалы, математика, физика, молекулалық физика және т.б. пәндерден қиындық туындауы

Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастыққа реформаторлық бастамаларымен және жасампаздық рухымен батыл енді. Дербес унитарлық мемлекеттің іргетасын мығым, саяси-экономикалық және әлеуметтік-рухани тұрғыдан әлеуетті етудің кепілі – қоғамның ішкі жарасымдылығы, бірлігі. Мемлекеттің біртұтас ұлттық ұйысудың тарихи контексіне қатысты ұстанымы салиқалы сарабал сипатымен ерекшеленуі тиіс.

Сондықтан тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде-ақ елімізде қоғамның тарихи санасын жаңғырту, дамыту мәселелеріне зор мән берілді. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев 1997 жылды «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» және 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жариялады. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы тарихи деректердің мол қорын қалыптастырып үлгерді.

Елбасы өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде қоғамдағы тарихи сананың рөлін терең талдап, қазақ халқының өз тарихына деген серектігін былайша тұжырымдаған еді: «Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі – оның тарихшылығы. Қара халықтың тарихтан хабардарлығы мейлінше жоғары болған. Керек десеніз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзін бұрынғы қазақтардың санасындағы жаппай тарихшылықпен салыстыруға болмайды».

РУХАНИ КЕҢЕСШІ



мүмкін. Сол жағдайда куратор-эдвайзер оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша барлық қажетті ақпараттық материалдарды дайындауға қатысып, студенттерге жеке оқу жоспарын құрастыруға және түзетуге ықпал етеді және көмек көрсетуі тиіс.

Куратор-эдвайзер сондай-ақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ саясатын түсіндіріп, яғни студенттерді ішкі тәртіп ережелерімен, университет Жарғысымен және ұйымдастырушылық құрылымдарымен таныстырады. Университетте оқу барысының яғни АБ 1, midterm емтиханы, АБ 2 және емтихан сессиясының өткізілуі барысы туралы жалпы оқытудың кредиттік технологиясын жүзеге асыруды және оның қызмет етуінің негізін түсіндіреді. Сонымен қатар 15 апталық оқу процесі барысында куратор-эдвайзер студенттердің сабаққа қатысуы мен үлгерімдерін қадағалайды. Егер қажет болған жағдайда студенттердің ата-анасымен және туыстарымен байланыс жасап, топтағы және жекелеген студенттерге қатысты барлық мәселелерді талқылауға қатысуы тиіс.

Куратор-эдвайзердің тәрбиелік жұмысы олардың ғылыми, оқу-әдістемелік

жұмыстарымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ куратор-эдвайзерінің рейтингінде көрініс табады. Сол себепті куратор-эдвайзер өзінің құқығы мен өзіне жүктелген міндеттерін ұмытпаған жөн. Яғни куратор-эдвайзер ең біріншіден студенттерді, студенттердің ата-анасын, туыстарын сыйлап, құрметтеп, дұрыс сөйлеу және қарым-қатынас этикасын сақтауға міндетті. Егер мүмкіндігі шектеулі студенттер болған жағдайда сол студенттермен арнайы кездесіп отыруы тиіс.

Куратор-эдвайзер жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінің ұйымдастырылу ерекшелігін көрсетуге, студенттердің мемлекеттік гранттан айырылып қалмауы үшін ҚазҰУ оқу курсына сәйкес GPA-дің орташа балы туралы хабарлап отыруға міндетті.

Студенттерге жоғары оқу орнына, университеттің өміріне бейімделуіне, қоғамдық қызметтерге атсалысуға көмек көрсете отырып куратор-эдвайзер факультетке тағайындалған студенттер үйіне яғни жатақханаға барып университет регламентіне сәйкес кураторлық топ студенттерін оқу жылының әр аптасында тексеріп отыруға міндетті. Сондай-ақ университеттің және факультеттің барлық

әкімшілік және қоғамдық ұйымдарына студенттердің тұрмыстық-мәдени жағдайын, тәрбие, ғылыми-зерттеу және оқу жұмысын жақсарту бойынша ұсыныс тастап көмек көрсетеді.

Куратор-эдвайзер 1-4 курс аралығында кураторлық топ студенттеріне оқу процесі кезіндегі кез-келген өзгерістер мен түзетулер туралы алдын-ала хабардар етуі тиіс. Ал 4 курста куратор-эдвайзер студенттердің болашақ мансабы туралы мәселелерін шешуге, ғылыми зерттеу бағытын анықтауға, ғылыми жетекші таңдауға, бітіру жұмысының тақырыбын анықтауға, кәсіби практикадан өту мекемесін таңдауға көмек қолын созуға тырысып және диплом алдындағы өндірістік тәжірибесін толығымен бақылауға міндетті.

Куратор-эдвайзердің жұмысы тиімді жүргізілсе сандық және сапалық көрсеткіштер жақсарды. Мысалы, топ үлгерімінің оңтайлы қарқыны, топ студенттерінің арасында құқық бұзушылықтың болмауы, түрлі деңгейдегі әлеуметтік-дамытушы іс-шараларға студенттердің қатысуы артады және куратор-эдвайзердің жұмысының тиімділігі осы факторларға негізделеді.

Осылайша, қазіргі жағдайда білім беру процесінде куратор-эдвайзердің мәртебесі мен рөлі түбегейлі өзгереді. Бүгінгі тәрбиенің басты міндеті – адамзат мәдениетінің сан ғасырлық өркениеттік жетістіктері мен ұлттық рухани, мәдени байлықты кірістіре отырып менгерту, студент-жастарды нарықтық экономикаға бейімделген, өмірге икемделген, жан-жақты жетілген, қабілетті, кез келген тұтқиыл жағдайлардан жол тауып шыға алатын ынталы да іскер, табанды да талантты, Отанын сүйетін азамат етіп тәрбиелеу болып табылады. Осы жолда студенттің жауапкершілігі мол азамат болып қалыптасуына куратор-эдвайзер жұмысының маңыздылығы аса зор.

М. АСЕМБАЕВА,

ф.-м.ғ.к.;

А. НУРМУХАНОВА,

т.ғ.к., жылуфизика және техникалық физика кафедрасының куратор-эдвайзерлері

ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ САНА



Қоғамның тарихи санасын одан әрі дамыту, бірегейлендіру бағытына қатысты концептуалдық жаңа ұстанымның уақыты келгенін Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында жан-жақты сараптап, тұжырымдап берді. Қазақ халқының адамзат өркениетіндегі тарихи орнын тарих философиясы аспектісінде талдаған еңбекте отандық тарих ғылымының теориялық-методологиялық мәселелері жан-жақты көтерілген.

Бұл орайда үстіміздегі жылы тарихи хронологиясының 85 жылдық мерейіне жеткен ұлттық университеттің тарихи сананы дамыту және кәсіби тарихи білім беру ісіндегі қысқашылық әлеуетін баса айтқанымыз жөн болар еді.

Ұлттық тарихи сананың оянуы мен отандық тарих ғылымының дамуы осы университет қабырғасында қаланды. Университеттің 1935 жылдан бастап оқытушысы болған доцент Телжан Шонанов (1894-1938) тарихи күрделі тақырыпқа арналған қазақ тіліндегі монографияның авторы. Қазақ халқының тарихи санасында «Зар-Заман» квинтэссенциясымен сакталған Ресей империясының отарлық саясатын Т. Шонанов «Қазақ жерінің тарихы – колония тарихы. Колония тарихы – бірте-бірте қазақ жерін сырттан келіп иемденудің тарихы, талаудың тарихы» деп, объективті түрде дәл сипаттап берді.

Кенесары Қасымұлы көтерілісіне (1837-1847) арналған «Қазақстан XIX ғ. 20-40 жж.» атты іргелі еңбекті университетте «Қазақстан тарихы» кафедрасын ашқан, тарих ғылымдарының докторы Ермұхан Бекмаханов (1915-1966) жазды. Саяси-экономикалық отарлаудың асқынуы аз халықтардың трагедиясына айналғанын терең зерттеп, зерделеген қазақ тарихшысы саяси қуғын-сүргінге ұшырады.

Ұлттық интеллектуалдық өре тарихи сананы тұншықтырған кезеңде бәсеңдеген жоқ. Өткен ғасырдың 80-жылдарының соңына қарай «Қайта құру» лебімен басталған тарихи сананың еліміздегі серпілісін феникс құстың түлеуімен теңеуге келетін. Ұлттық тарихи зердені жаңғыртуға, кенестік тарихнамада біржақты бұрмаланған тарихи кезеңдер мен құбылыстарды ашуға, зерттеуге университеттің түлектері, тарихшы ғалымдар М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, Ә.Тәкенов және т.б. белсене атсалысты.

Тарихи деректану ғылымын дамытудың зор

маңызын университет басшылығы алдында дәлелдеп, «Деректану және архивтану» кафедрасын ұйымдастырған т.ғ.д., профессор Әбу Сақтағанұлы Тәкеновтің (1930-1997) есімі ұмытылмаса игі. Ғалым-ұстаз жанына Б.Байғалиев, Т.Медетов, С.Абдирайымұлы, т.б. ұлтжанды азаматтарды топтастырып, ұлт зиялылары, кенестік саяси қуғын-сүргін құрбандары М.Тынышбаев, С.Асфендияров, М.Шокай, С.Қожанов және жоғарыда аталған Т.Шонанов, Е.Бекмаханов мұраларын жинақтап, зерттеп, баспа бетін көруін жүзеге асырды. Халықтың бойындағы ұлттық рухты көтеріп, ұлттық тарихи зердені жаңғыртуға аз уақыт ішінде көп еңбек сіңірді.

Заманауи университеттік білімнің ғылыми әлеуетін көтеру ісі ұлттық тарихи тамырдан нәрленген іргелі оқу орнының қазіргі келбеті де айшықтай түседі. Университет басшысы Ғалымқайыр Мұтановтың ғалым, тұлға ретіндегі болмысы қоғамдық-тарихи көзқарасының айқындығымен салмақты. Тіптен эпикалық деңгейде ғана қабылданатын батырлық жырлардың ұлы даланы біріктіруші тарихи саналық күш-қуатқа ие екендігі туралы ой-толғауларды, ұлттық тарихтың киелік болмысын терең зерделеген ойшыл ғалымның келбетін көрсетеді. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» еңбегіндегі Ұлы даланың ұлы есімдері осылай ұнақталса, қоғамның біртұтастығы мен тарихи санасының ортақтығы кемелдене түседі.

Гүлбану ЖҮГЕНБАЕВА,

тарих ғыл. докторы, профессор;

Әлібек ТӨЛЕНОВ,

I курс магистранты,

дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

Жаңа қоғамның сипаты - іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселе, әсіресе, білім беру саласында қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция, сыбайлас жемқорлық мәселесі.

Жемқорлықты жоятын ЖАҢА ЖОБА



Ата-бабаларымыз «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Тарихи тереңнен бастау алған сыбайлас жемқорлық бүгін де бүкіл әлем қоғамдастығына қауіп төндіріп отыр. Біздің республикамызда да бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды.

Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты халыққа жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті.

Стратегияда көрсетілгендей, сыбайлас жемқорлықпен күресу емес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл деп айтамыз. Демек, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты кінәлілерді анықтап, олардың жауапкершілігін қараумен ғана шектелмей, жалпы сыбайлас жемқорлықтың себептерін анықтап, оның алдын алуды жүзеге асыруға бет-бұрыс жасады.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаев сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы айтқанда қоғамның көмегісіз жемқорлықты жену мүмкін еместігін атап өтті. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін, мемлекет пен азаматтық қоғамның арасында тығыз ынтымақтастықты орнату қажет. Елбасымыз көтерген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы

түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды.

Елбасының саликалы саясатын қолдайтын ҚазҰУ жастары арасында сыбайлас жемқорлыққа жол бергізбеу мақсатында «таза сессия» шарасы өткізіліп отырады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорат мәжіліс жиналысында кеңінен қолдау тапқан «таза сессия» шарасы университет, барлық факультет және колледж деңгейінде талданып, жүзеге асуда.

Әр аптаның сейсенбі күні өтетін кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының мәжіліс отырысында з.ғ.д., профессор А.Е. Жатқанбаева бастаған кафедраның бір топ профессор-оқытушылар құрамы болашақ білікті жастарды мықты маман, сапалы заңгер дайындаудың бірден-бір көзі – осы «таза сессия» акциясын жүйелі түрде өткізуді қолдайды.

«Таза сессияны» қолдайтын заң факультетінің ПОҚ әдістемесінің негізгі бағыты – болашақ заңгер мамандарына білім беру сапасын арттыру болып табылады.

Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың

толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек.

Ол үшін бұл ауруға ЖОО-ның студенттері, ПОҚ жаппай қарсы тұруымыз қажет. Яғни көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үдесінен шығатынымыз сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың белгісімен іс қозғаудың бір негізі - студенттердің арызы. Ізденуші студент пара талап етуші тұлғаны дереу сенім телефонына хабарлап, арыз жазу арқылы алдын алады. Факультет басшылығы күмән келтірген оқытушыны бірден бақылауға алып, тексеруі қажет. Бұл жерде ескертетін жайт, пара беруші де, пара алушы да заңды жауаптылықтан босатылмайды. Яғни, қай жағдайларда студент өз тарапынан пара ұсынып, сессияны аяқтаудың оңай жолын таңдауы мүмкін. Бұл жағдайда да оқытушы бірден істің ізін кесуі қажет.

Білім беру орындарында жемқорлық сыбайластықты болдырмау үшін және жоғарыда аталған әрекеттерді жүзеге асыру үшін не істеу қажет, жіктеп көрсек:

Біріншіден, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын айқындайтын жаңа бағдарламалық құжатты қабылдау қажет. Мұндай құжатта сыбайлас жемқорлық деңгейін түбегейлі қысқартуға, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға қабілетті превентивтік сипаттағы кешенді шараларға жетекші рөл берілуі тиіс. Яғни, басты назар сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күреске емес, оның алғышарттарын жоюға аударылуы тиіс. Сондай-ақ, ЖОО-ның білікті кадрлар мәселесі де түбегейлі қаралып, әрбір болашақ маман даярлайтын ұстаз – ұстаздық қызмет ол ардың ісі екендігін сезінуі тиіс.

Екіншіден, Сессия уақытында міндетті түрде «таза сессияны» қолдау мақсатында сенім телефоны, оған қосымша кеңес құрылып, жемқорлыққа қарсы белсенді жұмыс атқарылуы тиіс.

Үшіншіден, ЖОО-да жемқорлықты жоюдың бірден-бір тәсілі – профессорлық оқытушылар құрамының еңбекақысын кезең-кезеңмен, үнемі көтеріп отыру білім саласы қызметкерлерінің әлеуметтік өзін-өзі сезінуін

арттыруға және олардың өз міндеттерін адал және әділ негізде орындауы үшін стимул болары сөзсіз. Айтпағымыз, ғылым адамын, зиялы қауымды алдымен, оның қоғамдағы беделін көтеріп, еңбекақысын жоғары бағалау керек. Бұл жемқорлықты жоюдың бірден-бір тәсілі болмақ.

Төртіншіден, жаһандану дәуірінде ұлттық білім беру жүйесі де әлемдік тенденциялардан кешуейі қалмас үшін әлемдік ғылым мен техника жасаған «әлемдік стандарттарға» сәйкестендірілуге ұмтылуда. Төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен ақпарат алмасу мүмкіндігін қолжетімді етіп отырған жаңа технологиялар, олардың әлеуетті инфрақұрылымдары жоғары білім беру мазмұнын әмбебаптандырып, әлемнің жетекші білім беру орталықтарынан білім таратуды қамтамасыз етеді. Осы орайда, университетте шет тілдері курсы тегін оқытылуы тиіс.

Бесіншіден, ЖОО-ның профессорлық-оқытушылар құрамына деген сенім деңгейін арттыру, мінсіз жүріс-тұрыспен және құзыреттіліктің жоғары деңгейімен ерекшеленетін персоналды қалыптастыруға бағытталған шаралар қолға алынуы тиіс. Оған бір мысал, 2 оқытушы (дәріскер және семинар жүргізуші) аралық бақылауда 100 балл деп бағалаған студент пән бойынша емтиханнан автоматты түрде босатылуы тиіс. Бұл тәсіл - белсенді, оқымысты студенттерді өте жоғары бағалаған лекция және семинар сабақтарын жүргізуші оқытушыларға деген сенімділікті арттыратын болады.

Қорытындылай келе, айтарымыз, әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті, қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 50 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

**Б. ҚОНЫСБАЙ,
А. МОЛДАҒАЛИЕВА,**
*кеден, қаржы және
экологиялық құқық кафедрасының
аға оқытушысы*

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ЖОЛ ЖОҚ!

ҚазҰУ Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесе этика бойынша кеңес өткізді

ҚазҰУ

Негіз боп, сан арманның шындарына,
Асыл мекен себеп боп жүр бағыма.
Қазақтың ұлттық университеті,
Арқау болған сезіммен, жырларыма.

Сан мыңдаған саңылақ өзін деген,
Сексен бес жыл тынымсыз көз ілмеген.
Атың бар алты алашқа мәлім болған,
Жаңғыртамын, тұрамын сөзімде мен.

Фараби данамыздың атын алып,
Өзіннен түлер талай батыр алып.
Дара өзі, кара шаңырақ болып,
Жүректерге әрқашан жақын әріп.

Шың секілді қол жетпес биік мекен,
Жаныңа жана жырлар жыйып кетем.
Ей менің бар бағымның себепшісі,
Мен сені барша әлемге сүйікті етем.

Дулатбек КЕНЖЕБЕК,
журналистика факультетінің
1-курс студенті

Қасиетті қара шаңырақ

Алатау құшағындағы қасиетті қара шаңырағымыздың биыл 85 жылдық мерейтойы. Сол уақыттан бастап Қазақстандағы білім беру жүйесінің бетке ұстары, университеттік дәстүрлердің, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық мектептердің бастауы бола білді. Университеттің тарихының әрбір кірпіші оның белгілі ұлы ғалымдар, дана ұстаздар мен жалынды жастардың еңбегінің арқасында қаланған. ҚазҰУ-дың қабырғасында аса көрнекті ғылым мен мәдениет қайраткерлері Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Ермұхан Бекмаханұлы, Әлкей Марғұлан, Д.Сокольский сынды ұлы тұлғалар дәріс оқыған болатын.



Әрбір жоғары оқу орнының жетістігі, әрі көрсеткіші – түлектер деп есептеймін. Бұл тұрғыда да ҚазҰУ-дың түлектері жоғарғы дәреже көрсетуде. Атап айтқанда, З. Қабдолов, Ә.Кекілбаев, М. Мағауин, Д. Исабеков, Қ.Мырза Әлі, Т. Молдағалиев, Т. Жұртбай, Ж. Ерман, Н. Оразалин, О.Сүлейменов, Ә.Нұршайықов, Р. Алшанов, А.Арыстанбекова, Ө. Айтбаев, Б. Мұхаметжанов, М. Жолдасбеков, И. Рогов, Б. Жұмағұлов, Қ. Мәми, Т.Төреханов. Қазақ елінің көркеюі жолында осы азаматтардың қосқан үлесі өте зор.

Қазақ ұлттық университетінде 16 факультет бар. Факультеттердің ішіндегі мен үшін ең ыстығы Философия және саясаттану факультеті. Себебі қазіргі уақытта мен осы факультеттің саясаттану мамандығы бойынша 1 курс студентімін. Иә, саясатқа деген қызығушылығым бала кезден бастау алған. Сонымен қатар осы оқу орнына, соның ішінде осы мамандыққа түсу арманым болатын. Сол арманның максатқа айналып қажырлы еңбек пен білімділіктің арқасында бүгінгі таңда шындыққа айналып отыр. Болашақта өз ісінің білікті маманы болып шығатыныма кәміл сенемін.

Ең алғашқы рет Қазақстанда саясаттану

ғылымының кафедрасы мен бөлімі 1991 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ашылған болатын. Адам мен қоғам туралы ғылымдардан көрінетін саясаттану – саяси әлем туралы тұлғалардың саяси өзара әрекеттерін зерттейтін ғылым. Біздің алдымызда тұрған мәселелер қиын болса, тұлға оны шешуде үлкен рөл атқарады және оның адам мен саясат туралы білім де қажет. Саясаттану өздерінің тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін жасалған қиын саяси жүйелердің, саяси институттардың анығына жетуіне көмектеседі. Сонымен бірге саяси қатынастарды реттеуді, саяси жүйені бүтіндей сақтауды қарастырады.

2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қазақ ұлттық университетінің саясаттану және саяси технологиялар кафедрасында магистратурада «Конфликтология» мамандығы ашылған болатын.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Academic Ranking of World Universities- European Standard» атты беделді еуропалық рейтингісі бойынша Қазақстанның жоғары оқу орындарының көшбасшысы болды. Сонымен қатар ол өзінің «AA» көрсеткіші бойынша еуропалық жетекші университеттерінің қатарына кірді. Сүйікті

университетіміздің 85 жылдық осындай жеңіске толы тарихы бар!

Қазақ ұлттық университетінің 85 жылдық мерейтойы мен Президентіміздің 2019 жылы «Жастар Жылы» атты жарлығы тұспа-тұс келіп отыр. Бүгінде осы жарлық бойынша жұмыстар университетімізде басталып кетті.

«Қазақстанның болашағы жастардың қолында!» деп Елбасымыз өз сөзінде айтқандай, келешегіміздің кемел, болашағымыздың жарқын болуы біздің қолымызда! Өзімізге артылған жауапкершілікті сезініп, азат елдің, қазақ елінің білімді жастары деген атқа лайық болайық! Мағжан Жұмабаев атамыз айтқандай: «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты – Қырандай күшті қанатты. Мен жастарға сенемін!»

Қазақстанның көркеюі – жастардың білімінің нәтижесі. Сол себептен біздің басты парызымыз – жоғары дәрежеде оқу. Себебі әрбір жетістіктің негізі – білім болып табылады!

Акерке ЖОЛАУШЫБАЙ,
саясаттану және саяси технологиялар
кафедрасының 1 курс студенті

Студенттердің танымын кеңейтті

Шығыстану факультетінде оқытушылар мен студенттер Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының мәні мен маңызын талқылап, пікір алмасу өтті. Бұл шара студент жастардың тарихқа, ұлтқа деген Отаншылдық қасиеттерін арттыра түсті.

Жиналысты шығыстану факультетінің деканы Ықтияр Молдатөреұлы, Елбасы мақаласында айтылған негізгі тақырыптарға шолу жасап, мақаланың негізгі мазмұнын көпшілікке қысқаша таныстырып шықты.

Түрксой кафедрасының меңгерушісі Қыдыр Төрәлі Елбасы мақаласының ішкі мазмұны мен оның бастау көздері және болашақта Қазақ мемлекетінің дамуы мен жаңа ұрпаққа беретін жемісі жайлы, ғылыми тұрғыдан талдау жасалған терең ой-толғамдарын ортаға салды.

Сондай-ақ, Қыдыр Төрәлі қазір және болашақта осы мақаланың орындалу барысында қандай жұмыстар атқарылатынын, оған біздің факультет не істей алатыны туралы өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, ғалым ретіндегі құнды пікір-көзқарастарымен толықтырып, барлық шығыстану факультетінің ұжымы мен студенттерін осы игілікті шаруаның іске асуына, бірлікте ат салысуға шақырды.

Жиналыстың екінші бөлігінде белгілі қоғам қайраткері Нұрлан Бозтаевтың «Ұлы түркі империясының тарихы» атты 3 бөлімнен тұратын деректі фильмі көрсетілді. Фильм аяқталғанда көпшіліктің саналарында ерекше серпілістер мен ойларында толқыныстар орын алып, қатты әсерленді. Әсіресе, өздерінің бабалары түркі халықтарының сонау ежелгі ғасырларынан бастап қазірге дейінгі адамзат мәдениеті мен өркениетінің негізін салушы, құрушы және оны дамытып қалыптастырған жер бетіндегі Ұлы Халық екенін көріп таң қалды. Сонау Тынық мұхиттан бастап, Шығыс Азия, Орта Азия, Таяу Шығыс, Еуропа, Африканы қамтып жатқан 3 құрлықта өмір сүрген ұлыстар мен халықтардың барлығының өмір тарихында кешегі көк түркі ұрпақтарының ақыл-парасаты, қан мен тері, ерлік істері мен жасампаз-дарынның зор үлесі барлығын тереңнен түсінді.

Нұрғәліп ШӘРІПҚАЗЫҰЛЫ,
қытайтану кафедрасының аға оқытушысы

Заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының ұйымдастыруымен олимпиада чемпионы Дмитрий Баландинмен кездесу өтті.

Елбасының үнемі жастарды қолдап, жастар саясатын дамытуды көздеп «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауда Елбасы 2019 жыл елімізде Жастар жылы деп атап, «Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек» деген болатын. Осыған орай спортшы жастарға бүгінгі еліміздің, студент жастардың мәселесіне тоқталды.

Студенттер де да сүйікті спортшысымен қауышқанына қатты қуанды. Кездесу барысында Д. Баландин студенттердің барлық сұрақтарына жауап беріп, естелік қолтанбасын қалдырды. Студент жастарға спортпен айналысу, салауатты өмір салтын ұстану қажеттілігі туралы пікір білдірген спортшы «Мемлекеттің гүлденуі, дамуы жастармен іске асырылатын игі шаралармен тығыз

ЕЛ МАҚТАНЫШЫМЕН КЕЗДЕСУ



байланысты» деген тұжырымдама жасады.

Игі іске мұрындық болған кафедра меңгерушісі С.Тыныбеков аталған шараның шарапаты студент жастарға тиіп жатқандығына қуанышты екендігін және осындай Д. Баландин сияқты студенттердің заң факультетінде оқып жатқандығын тілге тиек етті.

Студент жастар үшін де бұл жыл жетістіктерге толы болуы тиіс және Жастар

жылын абыроймен атқарып, жаңа белестерді бағындыру қажет деп санаймыз.

С. ЕРМУХАМЕТОВА,
доцент м.а. з.ғ.к;
Д. АЛКЕБАЕВА, оқытушы,
азаматтық құқық және азаматтық іс
жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы

Болгария - бізді өзінің раушан иісімен, бауырмалдығымен және де өте жылы ауа-райымен қарсы алды. Мен аталған мемлекетте «Дінтану» мамандығы бойынша Болгариялық Әулие Климент Охрид университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Еуропа мен Азия: мәдени дипломатия және Еуропалық Одақ геосаясаты» атты бірлескен магистерлік бағдарламасына қатысып, аталған қос білім қара шаңырағының магистранты атандым. Бұл біз үшін Болгария мен Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарынан, бірден қос диплом алу - біз үшін ерекше мүмкіндік болды.

Әулие Климент Охрид София университетінде сегіз пән бойынша білім алдым. Мәселен, «Заманауи халықаралық қатынастардағы билік», «Аймақтардың шекаралары және трансшекаралық ынтымақтастық», «ЕО-да дипломатия және дағдарысты басқару (тарихи және саяси аспектілер)», «Мәдениетаралық медиация және келіссөздер», «ЕО саясаты мен мәдениеті»; «ЕО және Қиыр Шығыс геосаясаты», «ЕО саясатына және институттарына кіріспе» және «XXI ғасыр геосаясаты: Қара теңіз аймағы» пәндері.

ҚОС ДИПЛОМ – ҚОС ҚАНАТЫҢ



София университетінің үздік профессорларынан білім алып, Еуропалық Одақтың экономикалық және саяси жағдайларын, Қиыр Шығыстың және Қара теңіздегі әртарапты аспектілерді меңгердік. Бұдан басқа, Болгариядағы білім алуымыз ағылшын тілінің деңгейін дамытуға көмектесті.

Болгария мемлекетінің мәдениеті мен тарихымен таныстық. Қазақстан Республикасының Болгариядағы «Тәуелсіздік күні» іс-шараларына қатысып қана қоймай, оларды өткізуге өз үлесімізді қостық. Софиядағы Әулие Климент Охрид университетінде бірқатар конференциялар мен семинарлар өткізілді, олар өте қызықты және ақпараттандырылған деңгейде жүзгізілді.

Біз Әулие Климент Охрид София университетінің қонақжайлылықтары үшін және оқу үрдісіне мен бірегей зерттеу әдістері үшін өте ризамыз, сондай-ақ, әрине, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Еуропалық диплом алу мүмкіндігін бергеніне алғысымыз шексіз.

Менің университетіме және дінтану және мәдениеттану кафедрасына менің білімімнің көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік беретін бірегей мүмкіндіктері үшін үлкен алғысымды білдіргім келеді.

Ақбөпе БОЛАТХАНОВА,
«Дінтану» мамандығының
1-курс магистранты

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында «Жер Ана – өз үйім» тақырыбымен дөңгелек үстел өтті. Бұл шараға Қытай Халық республикасынан, Өзбекстан Республикасынан, Монғолиядан, Ираннан келген, білім алушы оралман тыңдармандар қатысты. Олар болашақта биолог, тарихшы, эколог және медицина саласы қызметкерлері мамандығын таңдаған жастар.

Дөңгелек үстел Жер Ана – барлық адамзаттың бесігі, оның жалғыз екендігі, оны қорғау, аялау біздің борышымыз екендігі туралы видеофильм көрсетілімінен басталды. Аталмыш шараға биология және биотехнология факультетінің PhD докторы Акмарал Нұрмаханова қонаққа шақырылды. Акмарал Садыққызы өз кезегінде ҚазҰУ туралы, оның әлімдік деңгейдегі орны, тарихы туралы айтып өтті. Биология факультетінің қысқаша тарихымен, оның құрамындағы кафедралар туралы әңгімеледі. Сонымен қатар биология пәнін тандау кезінде Қазақстанда қандай мамандыққа жол ашылатындығы туралы да айтып өтті.

Дөңгелек үстел барысында қазіргі ғаламдық экологиялық мәселелер сөз болды. Сондай-ақ, табиғатқа антропогендік әсерлерден төніп отырған қауіп те әңгіме өзегіне айналды.

Әр тыңдаушы өз тақырыбы бойынша өзекті мәселелерді ортаға салды. 7-топ тыңдаушысы Күнсұлу Сұлтанғалиева топырақ қабатының ластануы туралы тоқталса, 10-топ тыңдаушысы Нұрсұлтан Құмыран генофондтың жойыла бастауы туралы әңгімеледі. Зерттеушінің айтуынша, бұл ғаламдағы ең ауқымды экологиялық проблема болып табылады. Американдық ғалымдардың зерттеу қорытындысы бойынша соңғы 200 жылда 900 000 түрлі өсімдік пен жануар түрі жер бетінен жоғалған екен. Түрлердің қысқаруының басты себебінің

ЖЕР АНА – ӨЗ ҮЙІМ



бірі – урбандалудың қарқынды дамуы, ауыл шаруашылығына жерлерді пайдаланудың кенеюі, орманның кесілуі, өсімдіктер мен жануарлардың табиғи тіршілік ортасының тарылуы – деп сөзін аяқтады.

Ал осы мәселені 6-топ тыңдаушысы Сая Нұрланбек барынша толықтыра түсті. Оның айтуынша, соңғы 20 жылда 200 млн га орман қысқылды жаңбырлар әсерінен жойылған. Ал, планета өкпесі болып саналатын тропик ормандарына экологиялық ластану қаупі жоқ емес.

7-топ тыңдаушысы Гүлнар Құрманәлі, дүниежүзілік мұхиттың химиялық ластануы туралы мәселе көтерді. "XX ғасыр барысында мұхитқа өте көп мөлшерде химия өнеркәсібі мен әскери өндірістің синтетикалық ерімейтін қалдықтары төгілген. Осы мәселелерді шешу жолдарын ғалым ағаларымыз қарастырса құба

– құп болар еді", – дейді Гүлнар Құрманәлі.

Белсенді тыңдармандар – Гүлнар Құрманәлі, Маруфджон Арабов, Данияр Сағатбек, Қайнар Нұртолқын экологиялық мәселелер туралы ғылыми әдебиеттерден ізденіп дәлелді мысалдар келтіріп, ойларын ортаға салды. Сонымен қатар, Қазақстан мен ҚХР-дың экологиялық асқынған аймақтары туралы айтылып, оны шешу жолдары туралы да ойлармен бөлісті. Экологиялық мәселелердің жалпы адамзатқа ортақ «ауру» екендігі, Жер Ананы аялау, қорғау қажеттігі барлық буын өкілдеріне аманат екендігін түсінді.

А. ҮСЕНБЕКОВА,
У. САНДЫКБАЕВА,

жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

Әдебиет тағалымы

Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің оқуға тиісті "100 кітап" акциясына сәйкес қазақ филологиясы мамандығының 201-тобы Жұбан Молдағалиевтың "Мен - қазақпын" поэмасының идеялық-мазмұндық ерекшеліктерін талдай отырып, шығармадағы "Мәңгілік ел" идеясының бар екендігіне көз жеткіздік.

Қазақ әдебиеті тарихында, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әдеби жанрлардың жан-жақты дамып, түрлене түскен кезі болатын. Соның ішінде, қазақтың ақыны Жұбан Молдағалиевтың "Мен - қазақпын" поэмасына 55 жыл.

Қазақтың ақыны Жұбан Молдағалиевтың ұлтымыздың ұлылығын әлемге паш етіп, жер бетін дүр сілкіндірген "Мен - қазақпын" поэмасының халық жадында жатталып, жүрек түкпірінде күмбірлеп тұрғаны анық. Ұлт тағдырын танытуға ұмтылған автордың ерте заманнан бастап азаттық жолындағы қилы заманын әр түрлі образдарымен ашуға тырысқан шығармасы өткен ғасырдың әдебиеттегі ұлы қазынасына айналды. Ойлылығы мен сезімталдығы қатар кең өріс алған поэма тарихтың тағылымды тұстарын көркем жеткізіп, қазақ халқының мінезін көрсете білген.

Әрине, соңғы кездердегі бұл поэма жөнінде пікірлер екіге бөлінеді. Бір топ поэманың кей тұстары болмаса, негізінде кеңес үкіметі цензурасының шырмауынан шыға алмай қалған дейді. Екінші бір топ, шығарманың негізгі үні қазір атап жүрген "Мәңгілік ел" идеясымен түйіндес екенін дәлелдейді.

А. АШИРОВА,
ф. г. к., доцент;

О. ЗАҒЫПАР,

қазақ филологиясы мамандығының
201-топ студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІПТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағиша ШУРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 7,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Талсырыс: №156

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.